

**8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Иманалиева Салтанат Маршаловнаның «Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

**ПІКІРІ**

Иманалиева Салтанат Маршаловна «Фармация» білім бағдарламасы бойынша бакалавриат, «Фармация» білім бағдарламасы бойынша магистратура және «Фармация» білім бағдарламасы бойынша докторантураны табысты аяқтап, білім және ғылым бағытында еңбек жолын жалғастырып келе жатқан жас маман.

Докторант орындаған «Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс фармация ғылымы мен практикасының маңызды проблемаларының бірі – балаларға арналған дәрілік препараттар жасау және жан-жақты технологиялық, фармацевтикалық, биофармацевтикалық, фармакологиялық зерттеулер нәтижесінде отандық өндіріске балалар үшін жаңа, тиімді дәрілік препараттар технологиясын ұсынуға арналған.

Диссертант өз жұмысында Қазақстан Республикасы халқын дәрілік құралдармен қамтамасыз ету тәртібін реттейтін негізгі нормативті құжаттарға талдау жүргізді. Облыстық балалар ауруханасында (ОБА, Шымкент қ.) балаларға арналған дәрілік препараттардың, оның ішінде отандық өндірушілер шығаратын дәрілік препараттардың номенклатурасын анықтау және балалар практикасында тағайындалған дәрілік препараттардың номенклатурасына талдау жүргізді.

Иманалиева С.М. «Химфарм» АҚ Ғылыми зерттеу- сараптау орталығында балаларға арналған мелоксикам 3,75 мг цианокобаламинмен үйлестірілген қабықшамен қапталған таблеткаларының лабораториялық үлгілерін алды және сапасын анықтады.

«Химфарм» АҚ таблеткалық цехында мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген қабықшамен қапталған таблеткаларының тәжірибелік-өндірістік сериясы дайындалды және дәрілік препараттың толық фармакопепялық сапалық көрсеткіштері анықталып, спецификациясы жасалды. Уақытша нормативті-аналитикалық құжат жобасы дайындалды. Мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген қабықшамен қапталған таблеткаларын клиникаға дейінгі зерттеулер нәтижесінде қабынуға қарсы әсері салыстыру препараттың жоғары екені және уыттылығы төмен дәрілік препараттар классына жататыны анықталды. Балаларға арналған екінші дәрілік түр - мелоксикам және хондроитин сульфаты дәрілік заттарын қолдана отырып, трансдермальды пластырлер алудың лабораториялық технологиясы жасалды және сапалық көрсеткіштері анықталды.

Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны 9 ғылыми басылымдарда жарияланған: олардың ішінде 1 мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымда; 2 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған 2-ші тізімдегі журналдарда, 6 мақалалар мен тезистер халықаралық конференцияларда жарияланған.

«Қабынуға қарсы, анальгетикалық және ыстықты түсіретін әсері бар балаларға арналған қатты дәрілік қалыптың ядросының құрамы» №9490 пайдалы модель патенті алынды.

«Разработка трансдермальных пластырей с противовоспалительным, болеутоляющим действием для детей» №48562 авторлық куәлік (23.06.24) бекітілді.

Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында инициативті «Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу» тақырыбында жоба тіркелді. Мемлекеттік тіркеу нөмірі: 0123РКИ0297, 23.06.2023 күні бекітілген.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында Иманалиева С.М. өзінің ғылыми-зерттеу жұмысына қабілеттілігін көрсете білді. Диссертациялық жұмысты орындауда алдына қойылған міндеттерді шешу үшін әдебиеттердің үлкен көлемін, инновациялық зерттеу әдістері мен технологияларды қолдана білді. Иманалиева Салтанат Маршаловна еңбекқорлығымен, ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асыру барысындағы мұқияттылығымен, жұмыс нәтижелерін шығармашылықпен талдай білетіндігімен өзін көрсете алды.

Санкт-Петербург химиялық-фармацевтикалық университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Иманалиева Салтанат Маршаловнаның «Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысы білікті, аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, қойылған мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңызы және нәтижелері 8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес орындалған.

Иманалиева Салтанат Маршаловна философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші :**  
фармация ғылымдары докторы,  
профессор,  
Азиялық ғылым академиясының  
академигі (AASc),  
Халықаралық ғылым академиясы  
Әзербайжан секциясы академигі

Ғылыми кеңесшінің қолы расталады:



Сагиндыкова Б. А.
ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫН АЙҚЫНДАЙМЫН
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
КАДРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БӨЛІМІ